

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 80 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 188 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5442 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 132 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Ерікті түрде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Агенттік Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4224 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 155 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген, 2007 жылдың шілде-тамызда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер енгізілсін: осы қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті тарату ережесінде:

кіріспеде "тарату комиссиясының ерікті таратылатын қордың зейнетақымен қамсыздандыру шартымен зейнетақы активтері мен міндеттемелерін басқару жинақтаушы қорына беру тәртібін," деген сөздер алынып тасталсын;

18-тармақтың 1) тармақшасында "жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау туралы өтініштердің тәртібін, мерзімін, кредиторлардың талап-шағымдарын және қор кредиторлары өз талаптарын көрсетуге құқылы мекен-жайларын міндетті түрде көрсететіндей етіп," деген сөздер "кредиторлардың шағым-талаптарын беру тәртібін, мерзімдерін және қор кредиторларының өз талаптарын қоюға құқылы мекен-жайларын міндетті түрде көрсете отырып," деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тарау алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (З.С. Жұмбаева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А. Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е.Л. Бахмутова*